

Кезектен тыс кіші педагогикалық кеңес отырының хаттамасынан үзінді
№ 65 жалпы білім беретін орта мектебі
Хаттама № 7

2024ж. «01» шілде

Төрағасы - мектеп директорының м.а. Елтезеров С.

Хатшы – Ершекенова Н.

Қатысқандар: 15 адам.

Күн тәртібі:

Білім басқармасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі Министрлік) тамыз кеңестері шеңберінде Білім күніне орай ұйымдастырылған еліміздің үздік педагогтерін жыл сайынғы үрдіспен марапаттауы туралы.

Тыңдалды: мектеп директорының м.а. Елтезеров С.

Ақтөбе облысының білім басқармасының хатына сәйкес, Білім беру ұйымдарының «Марапат» модуліндегі педагогтердің тізімін уақтылы және дұрыс қалыптастырмау тәуекелдерін болдырмау мақсатында «Марапат» модулімен қатар наградтауға кандидаттар жөнінде мәліметтерді жинауды қағаз түрінде жүзеге асыру туралы шешімі бойынша, ҚР Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 86 бұйрығымен (бұдан әрі – Салалық көтермелеу жүйесі) бекітілген салалық көтермелеу жүйесінің қолданыстағы талаптарын қатаң басшылыққа ала отырып, сол арқылы білім беру ұйымдарының педагогтарын (меншік нысанына қарамастан) және құрылымдық тиесілілігін іріктеуге қатысуды және жұмыс көрсеткіштеріне сәйкес (Салалық ынталандыру жүйесінің 10-қосымшасы) ең жоғары балл жинаған педагогтар арасынан марапатқа мектептен жоғарғы балл жинаған педагогтерді ұсыну қажет.

Тыңдалды: қамқоршылық кеңес төрағасы Г.Көшербаева. осы аталған марапаттардың біріне біздің мектептен бастауыш сынып мұғалімі Жантурина Марфуха Саменовнаны ұсынамын, себебі Марфуха Саменовна мектеп ашылғалы осында жұмыс жасап келеді, еңбек өтілі де 34 жыл, мектептің қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларына үнемі қатысып отырады, үнемі тынымсыз жұмыс жасайтын ұстаз.

Тыңдалды: математика пәні мұғалімі, жаратылыстану-математика пәндері бағыты бойынша бірлестік жетекшісі Тлеубергенова Бағдагүл Нұғайбайқызы: «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғысы» марапатына бастауыш сынып мұғалімі 37 жыл еңбек өтілі бар Исабекова Айманкул Шайкуловнаны ұсынуға болады деп ойлаймын. Себебі А.Шайкуловна осы мектепке еңбегі мол 7 жыл ішінде өзінің де, оқушыларының да жетістіктері жеткілікті.

Тыңдалды: кәсіподақ ұйымының төрағасы Байсұлтанова Шынар.

Марапаттауға №65 жалпы білім беретін орта мектебінен 34 жыл еңбек өтілі бар педагог-шебер санатты Жантурина Марфуха Саменовнаны «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі марапатына ұсынайық деген пікірін айтты. Мектебіміз 2020 оқу жылынан бастап Ақтөбе облысы бойынша «Жетекші мектеп» қатарында. Осы 7 жыл арасында мектептің жұмысын ұйымдастыра отырып, мектеп жоғары нәтиже көрсетті, 7 жылда сегіз «Алтын белгі» иегері шықты, ол мектеп түлектерінің жыл сайын 45-50 пайызы мемлекеттік гранттына ие болды. Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектеп түлегі «Алтын белгі» иегерлері Қожақұлова Асем Ұлттық біріңғай тестілеу нәтижесі бойынша 131 балл, Тайман Мерей 117 балл жинады.

Тыңдалды: бастауыш сынып мұғалімі Жайтуганова Нұрлыгүл Шауқымовна:

Исабекова Айманкул Шайкуловнаны «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғысы» марапатына ұсынамын. Себебі Бұл мұғалімнің еңбегі көп. Мектеп ашылғалы тынбай жұмыс жасап келеді. Еңбек өтілі де жеткілікті деп есептеймін. Барлық қалалық, облыстық іс-шаралар, конференциялар, семинарлаға қатысып отырады.

Тыңдалды: бастауыш сынып бірлестігі жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі Амангулова Нұргүл Кариппуловна. М.С.Жантуринаны «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі марапатына ұсынған өте дұрыс, қолдаймын. Бұл мұғалім үнемі тынымсыз еңбектенеді. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының 2015 жылдан бастап тренері. 2022ж - Білім және жаңа технологиялар бойынша жетекші халықаралық конференция Алматы қаласы. Қабанбай батыр бабамыздың 330 жылдық мерей тойына арналған «Жаугершілік заманның қазақ батырлары: тарих және тағылым»

атты республикалық ғылыми-практикалық конференция. «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы балалар жылы» XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өатысушысы. 2023 жылғы 10-12 шілдеде Румели халықаралық әлеуметтік ғылымдар және білім беру конгресіне қатысты, Стамбул, Түркия Румели университеті. 2024 жылы Маңғыстау облысындағы республикалық «Отпан жобасына» қатысып, Маңғыстау облысы бойынша мұғалімдерге біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырып өткізді. Мектеп директоры бола өз пәнін де алып жүреді.

Тыңдалды: директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Еспаμβетова А.Б. аталған марапаттар ішінен біздің ортамыздан бастауыш сынып мұғалімі Жантурина Марфуха Саменовнаны «Б. Алтынсарин» төсбелгісі ұсыну өте дұрыс деп санаймын. Себебі Марфуха Саменовнаның жалпы еңбек өтілі 34 жыл. Осы мектеп ашылғалы 7 жыл жұмыс жасап келеді. Үнемі республикалық, облыстық, қалалық семинарларға қатысып отырады. Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға үнемі сабақтарын жариялап, өз тәжірибесімен үнемі бөлісіп, таратып отырады. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен педагогикалық олимпиада 1 орын. Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ ҚР білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру республикалық институтынан Құрмет грамотасы. "Өрлеу" Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамының филиалы "Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтынан " Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мәселелеріне кәсіби тұрғыдан қолдау көрсеткеі үшін - Алғыс хат. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы. Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері - мектепалды даярлық сынып, 1-2 кластарға арналған "Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері" арнаулы курс бағдарламасы. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген "Қазақстандық тренер: тәжірибе, ынтымақтастық және даму келешегі" атты IX Республикалық семинар. "Саралап оқыту арқылы нәтижеге жету" облыстық семинар "НЗМ" ДББҰ Ақтөбе облысы бойынша ПШО. 2021ж-Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Байғанин ауданының білім бөлімі "Кәсіби шеберлік - білім сапасының кепілі" облыстық семинар – практикум. "Өрлеу"БАҰО" АҚ "Жаңа оқу жылындағы білім берудің негізгі басымдықтары" тақырыбындағы республикалық онлайн семинарда белсенділік танытқаны үшін - Алғыс хат. Қазақстан тренері - 21. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген "Қазақстан тренері: тәжірибе, ынтымақтастық және келешегі" атты X Республикалық семинар. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен "Тапсырмаларды саралауды жоспарлау мен ұйымдастыру арқылы бастауыш сыныпта білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру" облыстық семинар-практикум. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. Объектінің атауы: Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері арнаулы курсының бағдарламасы Оқушылары: "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы "Кенгуру - математика барлығы үшін Халықаралық зияткерлік конкурс жеңімпаздары, халықаралық ПОНИ Бірінші сынып оқушыларының күзгі сайысы жүлдегері, ҚР білім және ғылым министрлігі "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы, "Ақ бота" интеллектуалдық марафонының жеңімпаздары. "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы "Кенгуру - математика барлығы үшін" интеллектуалдық ойын-конкурсының жеңімпаздары. 2024ж-Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық "Бастауыш мектеп" журналының ақылдастар мүшесі ретінде - Құрмет грамотасы. 2024ж-ҚР Оқу-ағарту министрлігі, республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына - Алғыс хат. 2024ж-Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті - Алғыс хат. 2023ж-Ақтөбе облыстық білім басқармасы, Ақтөбе облыстық-ғылыми-тәжірибелік орталығы. - Алғыс хат. 2023ж- "НЗМ" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Педагог қызметкерлердің республикалық тамыз конференциясы - Алғыс хат. 2022ж-Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ ҚР білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру республикалық институты - Құрмет грамотасы. 2022ж-Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің - Алғысы. 2022ж-Облыстық білім басқармасының Алғыс хаты. 2021ж- Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Алғыс хаты. 2020ж-" Өрлеу"

біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АО филиалы Ақтөбе облысы бойынша-Алғыс хат. 2019ж-Ақтөбе облысы әкімінің-Алғыс хаты. 2019ж.-Ақтөбе қаласының әкімдігі - Алғыс хат иегері.

Исабекова Айманкул Шайкуловнаны «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғысы» марапатына ұсынамын. Себебі А.Ш.Исабекованың жетістіктері жеткілікті деп санаймын. 2023ж- НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы - Алғыс хат. 2022ж-"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Қазақстан республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты- Құрмет грамотасы. 2020ж-Ақтөбе облысының білім басқармасы. Ақтөбе облысының білім беру саласындағы тынымсыз еңбек мен табыстары үшін Құрмет грамотасы. 2022ж- "Мұғалім мерейі" Республикалық педагогикалық журналы аясында өткен "Ұлы қызмет" семинары қатысушысы. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиада 1 орын иегері. ПОНИ Халықаралық байқаының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін - Диплом. "Өрлеу" БАҰО облыстық "Ақтөбе" газетінің белсенді оқырманы болғаны үшін Алғыс алды. 2021ж-Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының филиалымен бірлесе "Бастауыш сынып сабағында критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану жолдары" тақырыбында облыстық семинар қатысушысы. Қазақ тілінде оқу жүргізілетін мектептердің 1-4 сыныптарына арналған диктанттар жинағы (әдістемелік авторлық бағдарлама) жарық көрді. НЗМ ПШО "Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардымен жұмыс: ізденіс, тәжірибе" тақырыбындағы облыстық семинар қатысушы. Қалалық "Қ.Жұбанов атындағы АӨУ Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының филиалының жетекшісі. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен "Тапсырмаларды саралауды жоспарлау мен ұйымдастыру арқылы бастауыш сыныпта білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру" облыстық семинар-практикум қатысушы.


Барлық еңбектерін ескере отыра Жантурина Марфуха Саменовнаны «Б.І. Алтынсарин» төсбелгісі марапатына, Исабекова Айманкул Шайкуловнаны «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғысы» марапатына ұсынуға болады деп есептеймін.

Шешім:

Ақтөбе облысының педагогтеріне жергілікті ерекшелік белгісі мен құрметті атағын беру тәртібі, олардың сипаттамасы мен біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшері (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес №65 жалпы білім беретін орта мектебінің мұғалімдері арасынан **«Б.І.Алтынсарин» төсбелгісі** марапатына 34 жыл еңбек өтілі бар бастауыш сынып мұғалімі Жантурина Марфуха Саменовна, **«ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғысы»** марапатына 37 жыл еңбек өтілі бар бастауыш сынып мұғалімі Исабекова Айманкул Шайкуловна ұсынылады.

№ 65 жалпы білім беретін орта мектебінің директорының м.а:

Хатшы:



С.Елтезеров.

Н.Ершекенова.